

Талдықорған қаласы аумағында жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланған тарифін белгілеу туралы

Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 12 қарашадағы № 498 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 13 қарашада № 5740 болып тіркелді

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 19-бабына сәйкес, сонымен қатар ақша қаражатының көлеңкелі айналымын болдырмау және салықтар мен міндетті төлемдер түріндегі ақша қаражаттарының түсімін ұлғайту, жолаушылар тарапынан Талдықорған қаласының қоғамдық көлігінде қолма-қол ақшасыз жолақысын төлеу әдісінің тартымдылығын арттыру мақсатында, Талдықорған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Талдықорған қаласы аумағында жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланған тарифі келесі мөлшерде белгіленсін:

жол ақысын ұялы байланыс операторының көрсетілетін қызметтері арқылы немесе электрондық жол жүру картасы арқылы қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде – 80 (сексен) теңге;

жол ақысын қолма-қол ақшамен төлеу кезінде – 120 (жүз жиырма) теңге.

2. Электрондық жол ақы төлеу жүйесі жарамсыз болған жағдайда, көлік карталары арқылы төлемді жүзеге асыратын жолаушылар тегін жол жүру құқығына ие болады.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары С . А. Байназаровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Г. Абдраймов